ӘӨЖ 528.9

# БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2021 ЖЫЛҒЫ ТЕХНОГЕНДІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ КАРТАЛАРЫ

**Бақтығали Жангүлім Жанболатқызы**
baktygalieva.zhangulim@list.ru
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Сәулет-құрылыс факультеті, «Геодезия және картография» мамандығының 3 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Муратова А.М.

***Батыс Қазақстан облысы*** – Қазақстан Республикасының солтүстік-батысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. Шығысында Ақтөбе, оңтүстігінде Атырау облыстарымен, батысында Ресейдің Астрахан, Волгоград, солтүстік-батысында Саратов, Самара, солтүстігінде Орынбор облыстарымен шектеседі. Жерінің аумағы 151,3 мың км².Орталығы – Орал қаласы.Әкімшілік жағынан Батыс Қазақстан облысы 12 ауылдық, 2 қалалық әкімшілік ауданға, олар 4 кенттік және 155 ауылдық әкімшілік округтерге бөлінген.

*Тақырыптық карталар* – белгілі бір тақырыпқа байланысты (тақырыпты, объектті, құбылыс, сала) немесе бірнеше тақырыптың үйлесуін көрсететін карта болып табылады. *Өрт тақырыптық картасы қандай жағдай болмасын өте өзекті*, өзінің маңыздылығын жоймайтын тақырыптық карталардың бірі, себебі өрт бұл адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіретін, қоршаған ортадағы заттардың бақылаусыз жануы.

Батыс Қазақстан облысы бойынша тақырыптық карталарды жасау барысында data.nextgis.com сайтынан геодеректерді ала отырып QGIS бағдарламасында жұмыс жасалды.



**1-сурет. БҚО әкімшіліккартасы**

Карта Батыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаментінің 2021 жылғы деректері бойынша құрастырылған. Тақырыптық карталарды құрастыруда картаның тілі өзінің сөздік қоры болып табылады. Мұнда шартты белгілер, таңбалар және грамматикасы анықталады. Соның ішінде сызықтық тәсіл және геометриялық белгілер қолданыла отырып жасалды.

*Сызықтық тәсіл* – нысандарды сызып көрсетеді, ал *геометриялық белгілер* карталарды жасау кезінде оңай анықталады, жай геометриялық фигуралардан тұрады.



Картада геометриялық белгілер оңай оқылады, аз орын алады, тез жатталады.

Бірінші QGIS бағдарламасында өсімдік жамылғысы, сызықтық және гидрографиялық нысандардының анықталуы. Бұл бағдарламада геодеректердің бәрі толық еңгізілген, осылайша Батыс Қазақстан облысының әкімшілік аудандары көрсетіледі. Аудан атауы







атрибуттық кестеге еңгізілу арқылы шығарылады.

2-сурет. QGIS бағдарламасында көрсетілуі

*3-сурет.*




*Өсімдікжамылғысы, сызықтық және гидрографиялық нысандар*

4-суретте картада Батыс Қазақстан облысының аудандары, шекаралары, атаулары көрсетілген.

**4-сурет. БҚО әкімшілікаудандары**

Тақырып өртпен тікелей байланысты болғаннан кейін, бағдарламада шейп-фай құрылып, геометриялық түрі (типі) нүктесі таңдалып, геометриялық белгісі анықталып картаға белгіленеді. Қосымша атрибуттық кестеге еңгізілген мәліметтерді картографиялық бейнеде көрсетілуі шарт.

Атрибуттық кестеде өрт орын алған аудан атауы, төтенше жағдай, күні, уақыты, сипаты мен алып жатқан аумағы жазылады.

*5-сурет. БҚО өрт геометриялық белгілерінің орналасуы*

**6-сурет. Атрибуттыққестесі**

*7-сурет. Төтенше жағдай орын алған жер (жақындатылған бейнесі)*

*8-сурет. Төтенше жағдай орын алған трасса (жақындатылған бейнесі)*






Өрт — Features Total: 21, Filtered: 21, Selected: 0

| | id | Күні | Уақыт | ТЖ | Сипат | Аумақ | Аудан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 | 24.02.2021 | 03сағ10м | тұрғын үй секторындағы өрт | Жаңақала кенті, Д. Нұрпейісова көшесі 33 Аво жеке тұрғын үйдің ауласында 108 шаршы метр алаңда гараж жанып кетті, сондай-ақ гараж ішінд... | 108кв.м | Жаңақала |
| 2 | 2 | 09.01.2021 | 02сағ03м | тұрғын үй секторындағы өрт | Шевченко көшесі 37 бойынша 24 ш.м. алаңдағы құрылыс өртенді. Басшы Н.Ғаббасов | 24 кв.м | Тасқала |
| 3 | 3 | 23.01.2021 | 09ч38м | тұрғын үй секторындағы өрт | Ақтау кенті, Әмірзақов көшесі 37, ПП-дан 14 км жеке тұрғын үйдің ауласында 34 ш.м.алаңда монша жанып тұр, иесі: Тамбаев К. Е. 1958ж. т. | 34 кв.м | Тасқала |
| 4 | 4 | 02.01.2021 | 19сағ34м | басқа нысандардағы өрт | Досланов көшесі 49 моншаның үй-жайында ағаш жабындысы , 48 шаршы метр алаңда қабырғалар мен төбелік жабындар жанып кетті. "Жара... | 48 кв.м | Шыңғырлау |
| 5 | 5 | 17.01.2021 | 19сағ13м | тұрғын үй секторындағы өрт | Шыңғырлау кенті, Есқалиев көшесі 53/1, 18 шаршы метр алаңда шаруашылық құрылысы өртенді.. Иесі Жұрмағамбетов Б. | 18 кв.м | Шыңғырлау |
| 6 | 6 | 04.01.2021 | 04сағ5м | тұрғын үй секторындағы өрт | Байтерек Егіндібұлақ кенті. Жағалау 27 15 тонна шөп жағылды. Өрттің себебі, кінәлі тұлғалар мен залал анықталуда. | - | Байтерек |
| 7 | 7 | 18.02.2021 | 04сағ.01м | тұрғын үй секторындағы өрт | Переметное кенті, Әуезов көшесі 175/2, 20 шаршы метр алаңда монша өртенді. | 20 кв.м | Байтерек |
| 8 | 8 | 27.01.2021 | 12сағ08м | тұрғын үй секторындағы өрт | Көшім кенті Школьная көш., 4 үй, 32 км №7 кв төрт пәтерлі тұрғын үйде (барак үлгісіндегі) 2 ш. м. алаңда жабын өртенді.. Гр-н иесі Проломов ... | 2 кв.м | Байтерек |
| 9 | 9 | 22.02.2021 | 07сағ39м | автомобиль көлігіндегі өрт | Орал-Ақсай тас жолында Айтиево кентінде Audi 80 маркалы автокөлік жанып кетті, м/н 310 ONA/07. Иесі Скурат Ю. | - | Теректі |
| 10 | 10 | 07.01.2021 | 20час38м | тұрғын үй секторындағы өрт | Алмалы кенті, А. Иманов көшесі-9, 3 пәтерлі тұрғын үйде 50 шаршы метр аумақта пәтер жанып кетті. Иесі Құспанова М. Т. | 50 кв.м | Ақжайық |
| 11 | 11 | 02.01.2021 | 15сағ20м. | мәдени-ойын-сауық мекем... | Қарашығанақ кенті, "Қарашығанақ ауылдық клубы" МКК шатырының құлауы салдарынан 100 шаршы метр алаңда өрт шықты. | 100 кв.м | Бөрлі |
| 12 | 12 | 16.01.2021 | 09сағ36м | тұрғын үй секторындағы өрт | Бөрлі кенті, Елек көшесі 2 жеке тұрғын үйде 4 шаршы метр үйдің шатыры жанып кетті. Иесі Уалиева М. | 4 кв.м | Бөрлі |
| 13 | 13 | 02.02.2021 | 09сағ05м | тұрғын үй секторындағы өрт | Ақсу а/о, Ақсу кенті , 1) Мектеп көшесі -2 үй 1/22, алаңы 100 ш.м. жеке екі пәтерлі үйдің бір жақтауы өртенді, иесі: Кутлугалямова Е. Д.-09.01.196... | 100 кв.м | Бөрлі |
| 14 | 14 | 24.02.2021 | 00сағ10м | тұрғын үй секторындағы өрт | Қанай кенті, Достық көшесі, 67, жеке тұрғын үйде 25 кв.м. жеке заттары мен жиһаздары жанып кетті. Иесі: Омаров У. | 25 кв.м | Бөрлі |
| 15 | 15 | 06.01.2021 | 14сағ52м | автомобиль көлігіндегі өрт | Самара-Шымкент автотрассасының 366 шақырымында "Audi A-4, м/н A 792 OT/RUS" маркалы автокөлігі жанып кетті. | - | Сырым |
| 16 | 16 | 04.01.2021 | 17сағ35м | тұрғын үй секторындағы өрт | "Әлихан" ш/қ аумағында ауданы 48 ш. м. үй өртенді. Ш/қ басшысы Ахметкалиев с. | 48 кв.м | Жәнібек |
| 17 | 17 | 05.01.2021 | 03сағ00м | автомобиль көлігіндегі өрт | Жәнібек кенті, Наурыз көшесі 97 Мазда автокөлігі жанып кетті, м/н 623KHA/07. Иесі: Докпанов. | - | Жәнібек |
| 18 | 18 | 18.01.2021 | 04сағ17м | тұрғын үй секторындағы өрт | Жәнібек кенті, Жанкешев көшесі 119, 94 шаршы метр алаңда жеке үй өртенді. Иесі: Жұмағазиев Е. | 94 кв.м | Жәнібек |
| 19 | 19 | 02.02.2021 | 22сағ30м | тұрғын үй секторындағы өрт | Таловка кенті, Гагарин көшесі -10 , КП-дан 120 км, 48 ш. м. Алаңда жеке тұрғын үй өртенді. Иесі: Өтегенов Т. | 48 кв.м | Жәнібек |
| 20 | 20 | 11.02.2021 | 01час58м | тұрғын үй секторындағы өрт | Жалпақтал кенті, Сейфуллин к-сі 14 үй, ПП-дан 2 км қашықтықта веранда шатыры , ішінара жеке үйдің шатыры , жеке заттар , тұрмыстық техн... | 35 кв.м | Казталов |
| 21 | 21 | 22.02.2021 | 00сағ38м | тұрғын үй секторындағы өрт | Сайхин кенті, Бөкей хан көшесі, 45 үй жеке тұрғын үйдің ауласында 10 шаршы метр алаңда моншаның төбелік жабындысы жанып кетті. Иесі Д... | 10 кв.м | Бөкей-Орда |

Все объекты









*9-сурет. Батыс Қазақстан облысы бойынша 2021 жылғы өрт картасы*




*10-сурет.Батыс Қазақстан облысы бойынша  2021 жылғы ғарыштық өрт картасы*




*11-сурет. Батыс Қазақстан облысы  өрт картасы (қоюлығына байланысты)*

*– төтенше жағдай орын алмаған аудан;*
*– 1 төтенше жағдай орын алған аудан;*
*– 2 төтенше жағдай орын алған аудан;*
*– 3 төтенше жағдай орын алған аудан;*
*– 4 төтенше жағдай орын алған аудан.*

Қорытындылай келе, Батыс Қазақстан облысы бойынша 2021 жылғы техногенді төтенше жағдайларының картасы қай кезде болмасын өте өзекті тақырыптық карталардың бірі. Соның ішінде өрт картасы төтенше жағдайлардың орналасқан орнын көрсетіп қана қоймай қосымша мәліметтерді де беріп өтеді. Өрт картасының жасалу мақсаты аудандарды көрсете отырып, төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын ұйымдастыруды қажет ететіндігін көрсетеді.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. QGIS бағдарламасы;
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002 ISBN 9965-607-02-8;
3. https://data.nextgis.com.